

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1342

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 Р990206_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 7, 57-кұжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы "Өсімдіктердің карантині жөніндегі комитет", "Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитет" және "Мал дәрігерлік қадағалау комитеті" деген сөздер алынып тасталсын;

6-1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы бірыңғай аумақтық органдары болады.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы 14), 15) және 16)-тармақшалармен толықтырылсын:

"14) астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін сақтаудың сапасын бақылауды, сондай-ақ олардың мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

15) ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделейді және оны село тауар өндірушілерінің назарына жеткізеді;

16) агроөнеркәсіптік кешен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бюджеттік несиелер мен үкіметтік және үкімет кепілдік берген сыртқы заемдарды игеру және қайтару жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады және үйлестіреді";

10-тармақта:

5) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ауыл шаруашылығы өндірісі саласында тікелей айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілерді реформалауға және заңдарға сәйкес оларды қаржылық сауықтыруға әдістемелік басшылық жасау;"

"8) мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал өсіру, тұқым өсіру саласында , сондай-ақ астықты, оны қайта өңдеу өнімдерін сақтаудың сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және олардың мониторингін жүргізу";

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделеу және оны

село тауар өндірушілерінің назарына жеткізу;

10) аргоөнеркәсіптік кешендегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бюджеттік несиелер мен үкіметтік және үкімет кепілдік берген сыртқы заемдарды игеруі және қайтаруы жөніндегі қызметін бақылау және үйлестіру";

18-тармақта:

1) және 2) тармақшалар "және аумақтық органдары басшыларының" деген

сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "қызметкерлеріне" деген сөзден кейін "және аумақтық органдардың басшыларына" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Министрлік пен оның аумақтық органдарының құрылымын, орталық аппараттың штат кестесін, Министрліктің заңды тұлғалар болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді";

19-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.